

## 2007 жылғы 1 қарашадағы сақтандыру рыногының ағымдағы жағдайы

### Сақтандыру сыйлықақылары


2007 жылдың он айында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарымен тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі 2006 жылғы осындай кезеңдегі жиналған көлемнен 22,3%-ға өсіп, 119 138,0<sup>1</sup> млн. теңге болды.

### Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

*млн. теңге*

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.11.2006 ж. На 01.11.2006г.		01.11.2007 ж. на 01.11.2007г.		01.11.2006 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	сомасы	Үлесі %-бен	сомасы	Үлесі %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	93 769,6	100,0	119 138,0	100,0	27,1
Міндетті сақтандыру	14 457,1	15,4	16 638,1	14,0	15,1
Ерікті жеке сақтандыру	9 740,7	10,4	13 640,4	11,4	40,0
Ерікті мүліктік сақтандыру	69 571,8	74,2	88 859,4	74,6	27,7

Кестені қарағанда міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 15,1%-ға өскені көрінеді. Ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю - 40,0%-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 27,7%-ды құрады.



2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша мыналарды ескеру керек: **міндетті сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің

<sup>1</sup> сумма указана за вычетом страховых премий, принятых по договорам перестрахования

<sup>1</sup> сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларын шегере отырып, көрсетіліп отыр

42,2% (7 020,2 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 37,7%

(6 280,2 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 6,7% (1 117,0 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға және басқаларға зиян келтірудің 13,4 % қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 43,2% (5894,4 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 28,2% (3 851,2 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 17,1% (2 335,7 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 11,4% (1 557,2 млн. теңге) болып келеді.

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 37,1% (32 959,3 млн. теңге); мүлікті сақтандыру (автомобильді, әуе көлігін, теміржол көлігін, су көлігін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) бойынша - 27,3% (20 978,1 млн. теңге); азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 14,6% болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі мынадай көрініс алды:


*млн. теңге*

Сақтандыру салалары бойынша Сақтандыру сыйлықақыларының түсуі	1.11.2006 ж.		1.11.2007 ж.		1.11.2006 ж. салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	93 769,6	100,0	119 138,0	100,0	27,1
Өмірді сақтандыру	2 935,9	3,1	3 892,9	3,3	32,6
Жалпы сақтандыру	90 833,7	96,9	115 245,1	96,7	26,9


**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 3 892,9 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 32,6%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2006 жылғы 1 қарашадағы 3,1%-ға қарсы 3,3 % болды.

**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2007 жылғы он айында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 115 245,1 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы осындай кезеңге қарағанда 26,9 % -ға көп.

Структура поступления страховых премий по отрасли "страхование жизни"



Структура поступления страховых премий по отрасли "общее страхование"



### Қайта сақтандыру

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 48 579,2 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 40,8%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 30,7% - ы берілді.


Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 13 545,0 млн.теңге боды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының 33,3%-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 14 679,0 млн.теңге болды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 2 881,0 млн.теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	1.11.2006 ж.		1.11.2007 ж.	
	сомасы	жиынтық сыйлықақыларындағы үлесі, %-бен	сомасы	сомасы
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	34 477,3	36,8	48 579,2	40,8
Өмірді сақтандыру	30 337,9	32,4	36 550,4	30,7
Жалпы сақтандыру	4 139,4	4,4	12 028,8	10,1
Барлығы сақтандыру салалары бойынша	188,9	0,2	2 881,0	2,4

**Структура страховых премий, переданных на перестрахование по странам**



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 94,1%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 1,6%, міндетті сақтандыру бойынша – 4,3% болды.

**Сақтандыру төлемдері**

2007 жылдың он айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 3,7 есе өсіп, 36 083,0<sup>2</sup> млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру жөнінде өтемақы есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 15,7% (5 653,4 млн. теңге) болып отыр.

Сақтандыру төлемдері	1.11.2006 ж. на 1.11.2006г.		1.11.2007 ж. на 1.11.2007г.		млн. теңге 1.11.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	10 802,8	100,0	36 083,0	100,0	3,3 рет
Міндетті сақтандыру	3 966,0	36,7	4 670,8	12,9	17,8 %
Ерікті жеке сақтандыру	1 534,9	14,2	3 353,7	9,3	2,2 рет
Ерікті мүліктік сақтандыру	5 301,9	49,1	28 058,5	77,8	5,3 рет


2007жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

<sup>2</sup> сумма указана за вычетом страховых выплат, осуществленных по договорам, принятым в перестрахование

**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша 56,8% (2 654,3 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 32,3% (1 508,1млн. теңге), 1,1% өсімдік шаруашылығын және басқаларды сақтандыру бойынша 9,8% (459,0 млн. теңге) болды.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 71,2% (2 387,7 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша түскен, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 13,8% (462,0 млн. теңге) және аннуитетті сақтандыру бойынша – 88,5% (286,0 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 6,5% (217,0 млн. теңге) төлемдер болды.

**ерікті мүлiктік сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 86,8% (24 350,2 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша түскен, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 5,3% (1 483,9 млн. теңге), мүлiкті сақтандыру бойынша (автокөлік, әуе жолы, темір жол, су көлігі және жүкті сақтандыру) – 3,7% (1 037,2 млн. теңге), басқасы бойынша – 4,2 % болды.



2007 жылдың он айында жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып, төлемдердің жиынтық сомасының 67,5% -ы болды.

### Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногында 40 сақтандыру ұйымы (оның

ішінде: 6 - өмірді сақтандыру бойынша), 14 сақтандыру брокерлері және 41 актуарийлер лицензиялы қызметін жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы Институциональная структура страхового сектора	01.11.2006 ж. на 01.11.2006г.	01.11.2007 ж. на 01.11.2007г.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде	39	40
өмірді сақтандыру бойынша	4	6
	11	14
Сақтандыру брокерлерінің саны	33	41

Есепті күнге 32 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.

**Капитал.** 2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 115 245,4 млн. теңге болды.

*млн. теңге*

Қаржы көрсеткіштері	1.11.2006 ж.	1.11.2007 ж.	1.11.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	119 333,6	210 156,1	76,1
Міндеттемелер	49 967,6	94 910,6	89,9
Оның ішінде сақтандыру резервтері	43 383,8	86 953,0	в 2,0 раза
басқа міндеттемелер	6 583,8	7 957,6	20,9
Меншікті капитал (баланс бойынша)	69 366,0	115 245,4	66,1

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2007 жылғы 1 қарашада 210 156,1 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 қарашадағы осындай көрсеткіштен 76,1%-ға көп, оның ішінде:

*млн. теңге*

Активтер	1.11.2006ж.		1.11.2007 ж.		1.11.2006 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %	Сомасы	Үлесі, %	
Қолма-қол ақша	5 460,6	4,6	6 344,0	3,0	16,2
Орналасырылған салымдар	20 773,5	17,4	52 793,7	25,1	В 2,5 раза
Бағалы қағаздар	62 047,2	52,0	77 929,1	37,1	25,6
Ценные бумаги «кері РЕПО» операциясы	12 301,9	10,3	21 304,4	10,1	В 1,7 раза
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	9 438,0	7,9	11 953,9	5,7	26,7
Негізгі қаражат	2 586,1	2,2	3 964,5	1,9	53,3

Материалдық емес активтер	-	- 28 481,4 <sup>3</sup>	13,6	-
Басқа дебиторлық берешек	3 275,6	2,7	4 895,6	2,3
Басқа активтер	3 450,7	2,9	2 489,4	1,2
Активтер жиынтығы	119 333,6	100,0	210 156,0	100,0
				76,1

### Сақтандыру рыногының шоғырлануы

Қарастырылып отырған кезеңде сақтандыру сыйлықақылары және сақтандыру төлемдері бойынша сақтандыру рыногының шоғырлану деңгейі жоғарылағаны байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 52,1%-ы және сақтандыру төлемдерінің 78,4%-ы келеді.

Сақтандыру рыногының жиынтық активтерінде бес ірі сақтандыру компаниясының үлесі 52,1% және сақтандыру төлемдерінің 78,4% құрайды.

Сақтандыру рыногының жиынтық активтеріндегі бес ірі сақтандыру компанияларының үлесі 50,4 % болды.


Жиынтық көрсеткіштерінен сақтандыру рыногының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %	01.11.06	01.11.07
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	47,8	52,1
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	73,9	76,0
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	49,3	78,4
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	76,2	88,2
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	51,8	50,4
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	57,5	56,9

**Міндеттемелер.** 2007 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы өткен жылдағы осындай күнмен салыстырғанда 89,9 % өсе отырып, 94 910,6 млн. теңге болды.

Есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 86 953,0 млн. теңге болды, бұл 2006 жылғы 1 қарашада қалыптасқан резервтер көлемінен 40,3 % артық.

<sup>3</sup> ҚР ҰБ 2007 жылғы 20 шілдедегі № 86 Басқарма қаулысымен өзгерістер енгізілген Изменения внесены Постановлением Правления НБ РК №86 от 20 июля 2007г.

**Динамика активов, собственного капитала и чистых страховых резервов, млрд. тенге**



**Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері**

	01.11.2006 ж. на 01.11.2006г.	01.11.2007 ж. на 01.11.2007г.
<b>ЖІӨ, млрд. теңге</b>	8 725 <sup>4</sup>	12 464 <sup>5</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,08 <sup>6</sup>	1,0 <sup>7</sup>
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,80	0,92
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,37	1,69
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен	6 251	7 942

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

<sup>4</sup> -Статистика агенттігінің деректері бойынша

<sup>5</sup> -Қазақстан Республикасының Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінің 2007 жылға арналған болжамды деректері

<sup>6</sup> -2006 жылғы қаңтар-қазан айлары үшін қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

<sup>7</sup> -2007 жылғы қаңтар-қазан айлары үшін қабылданған сақтандыру сыйлықақылары